

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің
«№11 «Таңшолпан» бөбекжай – бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

«Бектілді»
Бөбекжай- бақша директоры
С.Ж.Жанекешова



2021-2022 оқу жылының наурыз, сәуір, мамыр айларына арналған
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша
жылдық перспективалық жоспары

кіші топ(2 жастан бастап)

Наурыз айы, 2022 жыл

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Мақсаты: Балаларды 8-наурыз Халықаралық аналар мерекесі туралы түсінік беріп және мерекелік көңіл-күй сыйлау. Театр әлемі, ертегілер еліне саяхат жасау арқылы балалардың сахналық қойылымға деген қызығушылықтарын арттырып, ертегі түрлерімен таныстыру.

Міндеттері:

-ұлттық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту және дамыту.

-шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
I апта, 28 ақпан-4 наурыз	Анамды мен сүйемін	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Анамызға қонаққа барамыз» Мақсаты: Балаларды «Аналар күні» мерекесімен және ананы құрметтеуге тәрбиелеу. «Анамызға қонаққа барамыз» Жүруден жүгіруге ауысу. Поезд 10 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. 70 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әжемізбен барамыз» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. 35 сек бойы тоқтамай жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Тыныс алу бұлшық ет тыным алу жаттығуларын дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ана және мен» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. Жіптен секіріп өту. Баланың кеуде тұсынан ерілген арақашықтығы 1 м жіптен допты асыра лақтыру. Дене сапасын дамыту.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Анамызға не сыйлаймыз?» Ақұштап Бақтыгереева Мақсаты: Балаларға 8-наурыз аналар мерекесі туралы мағлұмат беру және мерекеге қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорды жаңа сөздермен толықтыру, сөйлеу тілін дамыту, грамматикалық тұрғыдан сөйлемдерді дұрыс құруға үйрету, аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Анамызға не сыйлаймыз?» Ақұштап Бақтыгереева Мақсаты: Балаларға 8-наурыз аналар мерекесі туралы мағлұмат беру және мерекеге қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорды жаңа сөздермен толықтыру, сөйлеу тілін дамыту, грамматикалық тұрғыдан сөйлемдерді дұрыс құруға үйрету, аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Сауыттағы гүлдер» Мақсаты: Аналар мерекесі туралы әңгімелей отырып, дөңгелектермен, шеңбермен гүлдерді салу арқылы бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: «Анама арнап құймақ пісіремін» Мақсаты: Балаларды қамырмен жұмыс жасауға үйрету. Балалардың ой-өрісін арттыру мақсатында ермексаздың кішкене бөлігін алақанмен жабыстыру арқылы жалпақ пішін жасауды және саусақпен жәй ғана басуды үйрету.</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Маманың мерекесі» Н. Тілендиев Мақсаты: Музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, ән айту іскерліктерін дамыту. Ана туралы түсінік беру. Музыкалық-ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу»</p>

<p style="text-align: center;">II апта, 7-11 наурыз</p>	<p style="text-align: center;">Ертегілер елінде. Театр әлемі</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ертегілер еліне машамен кездесу» Мақсаты: Түрлі бағытта жүру. 35 сек бойы тоқтамай жүгіру. Бір орында тұрып қос аяқтап секіру. Тыныс алу бұлшық ет тыныс алу жаттығуларын дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ертегілер еліне саяхат» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. Жіптен секіріп өту. Баланың кеуде тұсынан ерілген арақашықтығы 1м жіптен допты асыра лақтыру. Дене сапасын дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аю мен маша бізде қонақта» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Гимнастикалық орындық үстімен төрттағандап еңбектеу. Биіктігі 15 см болатын кедергілерден аттап өту «батбақтағы көк»</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» (ертегі) Мақсаты: Балаларды ертегіні мұқият тыңдауға, оның мазмұнына эмоционалды үн катуына, үлкеннің көмегімен ешкінің әнін орындауға және сөзін айта отырып, ертегі мазмұнын жеткізе алуға үйрету, ертегі кейіпкерлеріне жанашыр болуға тәрбиелеу. Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Театр әлеміне саяхат» Мақсаты: Балаларға театр туралы түсінік бере отырып, олардың әртүрлігі туралы мағлұмат беру, ертегі бұрышындағы кейіпкерлермен таныстыру арқылы балаларды ертегі еліне қызығушылықтарын арттыру. Сөздік қорларын молайту. Тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Балаларды ертегі кейіпкерлерінің әрекеттері мен жүріс- тұрысын талдауға. Оларға баға беруге өзінің көз-қарасын білдіруге үйрету.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Саусақ театрына арналған сақиналар» Мақсаты: Балаларды үлкендер көмегімен жолақшалы сақиналар құрастыруға үйрету, қағазбен жұмыс жасауға үйрету, театр әлемі туралы түсінік беруді жалғастыру.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Бауырсаққа арналған жол» Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыра отырып, қылқаламмен бауырсаққа арналған жолды түзу сызық арқылы салу дағдысын қалыптастыру арқылы жұмыс істеу дағдыларын бекіту, саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Әжем айтқан ертегі» И.Нүсіпбаев Мақсаты: Музыкаға деген қимылдардың мәнерлігін қабылдауға үйрету. Жаттығулардың, билердің, ойындардың қабылдауын дамыту. Музыкалық-ырғақты қимыл: «Көктем аруы»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Әжем айтқан ертегі» И.Нүсіпбаев Мақсаты: Балаларға әнді қайталатып, ертегі әлеміне саяхат жасау. Музыкалық-ырғақты қимыл: «Көңілді би»</p>

Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Киіз үйге әжеге қонаққа келу»
Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру. Тапсырма арқылы жүгіру домалаған заттарды қуып жету. «Допты қуып жету». Екі сызықтан аттап өту.

Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Жайлауда»
Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. 60м баяу қарқынмен жүгіру. Ені 10 см болатын жолдан секіру. «Ордан секіріп өту» бір-біріне кедергі жасамай, хабарлай отырып ойнауға тәрбиелеу. Шыдамдылықты дамыту.

Дене шынықтыру
Тақырыбы: «Менің сүйікті ақ әжем»
Мақсаты: (Әжесімен бірге ойнау)
 Заттарды айнала отырып жүру 60м баяу қарқынмен жүру, екі сызықтан аттап өтуге үйрету.

Сөйлеуді дамыту
Тақырыбы: «Әлди, әлди-ай»
Мақсаты: Балаларға бесік жырын айтуда, сөйлеу тілін, мазмұнын тақпақпен жеткізуде белсенді сөздік қорын дамытып, қуыршақтың артистік қимылын көрнекі мысалмен келтіріп қызықтыру. Ойыншықтарды күтіп-баптауға тәрбиелеу. Жақын адамдарына деген мейірімді қарым-қатынас жасауға көмектесу

Жаратылыстану
Тақырыбы: «Наурыз келді»
Мақсаты: Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігін түсіндіру, мерекелік тілектер, дәстүрлер туралы түсінік беру, балаларды халқымыздың салт-дәстүрлерін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Сенсорика
Тақырыбы: «Түрлі-түсті асықтар»
Мақсаты: Балаларды ұлттық ойын құралы асықпен таныстыру, оларды түстеріне қарай топтастырып, орналастыруға үйрету.

Сурет салу
Тақырыбы: «Әженің тостағанын әшекейлеу»
Мақсаты: Бір сызық бойымен саусақпен тостағанды әшекейлеу, жалпы баланың ұсақ қол моторикасын дамытып, педагогтың көрсеткен әдісі бойынша жасай білуге үйрету арқылы сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру. Ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Жапсыру
Тақырыбы: «Әжемнің құрағы»
Мақсаты: Геометриялық пішіндерден өрнектер құрастырып, әжейдің құрағына орналастыру әдістерін үйрету. Элементтердің бірізділігі мен арақашықтығын сақтау.

Музыка
Тақырыбы: «Ақ әжем»
Ж. Қалжанов
Мақсаты: Отбасы мүшелерін атауға білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу. Музыкалық-ырғақты қимыл: «Гүлдер бии»

<p style="text-align: center;">ІҮ апта, 21-25 наурыз</p>	<p style="text-align: center;">Мерекелік дастархан</p>	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Дәмді тағамдар» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру 35 секунд бойы тоқтамай жүгіру. Өзінің тәсілі бойынша Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ас атасы нан» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Секунд бойы тоқтамай жүгіру. 1м арақашықтық та допты себетке лақтыру. Көзбен өлшеу, нысанаға дәлдеу және тигізу іскерліктерін дамыту.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мерекелік көңілді көтеру» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру «поезд». Гимнастикалық таяқшалардан секіріп өту. Арақашықтығы м болатын себетке допты қос қолмен лақтыру.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қонаққа келіндер» (өлең) Қ.Баянбаев Мақсаты: Суретке сүйене отырып, сөйлем құрау іскерлігін бекіту. Тақпаққа және кітаптағы суретке сүйене отырып, балаларды қазақтың салт – дәстүрімен таныстыру. \</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Мерекелік дастархан» Мақсаты: Наурыз мерекесі туралы түсінік бере отырып, ұлттық тағамдар туралы мағлұмат беру, олармен таныстыру, адамгершілікке, қонақжайлылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды уағдау арқылы белгілі бір затты жасауға болатынын түсіндіру, қағазбен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Дастарханды әшекейлеу» Мақсаты: Қылқаламды дұрыс ұстап, қозғалтып, түрлі – түсті қағаз бетіне дөңгелекті салуды жалғастыру. Сары түсті және дөңгелек пішінді білуін бекіту. Балаларды отбасылық мерекелер сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>1.Музыка Тақырыбы: «Наурыз» А.Досмағамбетова Мақсаты: Балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын жасауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Шашақтармен би»</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Наурыз» А.Досмағамбетова Мақсаты: Наурыз туралы түсінік беріп, әнді қайталау, музыкалық – ырғақты қимылды орындату. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушалар биі»</p>
--	--	---	--	--	---

Сәуір айы, 2022 жыл

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

Мақсаты: Балаларға табиғат жайлы ұғымдар беру, тірі, өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту, табиғатта болған таңғажайып құбылыстарды бақылай білуге үйрету, табиғатты сүйуге, аялауға, оған қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

Балаларды табиғатты аялауға өсімдіктер мен жәндіктерді, балықтарды күтіп баптауға үйрету, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Сұрақ қою арқылы өз ойларын жеткізе білуге сөздерді анық айтуға баулу.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
-------------	----------------	--	---	---	--

<p style="text-align: center;">I апта, 28 наурыз-1 сәуір</p>	<p style="text-align: center;">Нұр төккен, гүл көктем</p>	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көктемдегі гүлдер» Мақсаты: Балаларды жаңа жыл маусымы көктеммен және оның белгілерімен таныстыра отырып, заттарды айнала отырып жүру .60 м баяу қарқынмен жүгіру. 1 марақашықтыққа сол қолмен себетке бүршікті лақтыру .</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүру. Тапсырмалар арқылы жүру: домалап бара жатқан допты қуып жету « Допты ұста » Денсапасын дамыту (күш, шыдамдылық, жылдамдылық).</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көктем кереметі» Мақсаты: Жүруден жүгіруге ауысу « Поезд». 10 см көтерілген тақтайшаның үстінде төрттағандап жүру. 70 см арақашықтықта тәрбиешіден допты тосып алу.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қош келдің, көктем!» Мақсаты: Балаларға күн жарқырайды, шөптер, жасыл жапырақтар, қар жоқ т.б белсенді сөздік қорын қалыптастыру. Көру арқылы есте сақтауына әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктемгі табиғат» Мақсаты: Балаларды көктемгі табиғатты бақылатып, оның ерекшеліктерін түсіндіру, табиғатта болатын көктемгі өзгерістер туралы түсінігін молайту, ерекшелігін ажырату. Табиғатты аялауға баулу.</p> <p>Сенсорика Тақырыбы: «Бақбақ гүлдер» Мақсаты: Фланеграфта түрлі – түсті геометриялық пішіндерді – шеңбер мен үшбұрышты орналастыруды үйрету, балалар назарын белгілі бір түстегі әртүрлі заттарды бейнелеу үшін қолдануы мүмкін екеніне айдару, табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Күн» Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшелігімен таныстырып, балаларға қағаз бетіне сары түстен күннің шуағын сызықша арқылы қылқаламмен салуға үйрету, қылқаламмен дұрыс жағуға баулу, көркемдікті сезінуге тәрбиелеу. Мүсіндеу Тақырыбы: «Әдемі гүл» Мақсаты: Балаларға екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеуді, бөлшектерді түсі мен сәйкестігін сақтап, дұрыс орналастыруға үйрету. Гүлді алақан арасына домалақтау, сабағын тіке бағытта есу арқылы екі бөлікті біріктіру тәсілдерін меңгерту. Ойлауын дамыту, әдемілікті түсінуге, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Көктем келді» Ж.Мұхамеджанова Мақсаты: Балаларды көктем мезгілімен таныстыру, әнді үйрету. «Сылдырмақпен би»</p>
--	---	---	--	--	---

<p>II апта, 4-8 сәуір</p>	<p>Ағаштар</p>	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қарағайлы орман» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру . 1м арақашықтағы себетке оң қолмен бүршікті лақтыру. Гимнастикалық орындықүстіменжүру.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Күн шуақ» Мақсаты: Жылжымалы қадаммен алға қарай жүру. 20 см биіктікке көтерілген тақтайша үстімен еңбектеу. Биіктік 25 см болатын орындық үстіне шығу , (онда тұрып қолды жан жаққа жіберіп тұру.) .дистибулярлық аппараттарын кеністікті бағдарлауын дамыту, дене бөліктері мен олардың міндеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Табиғат әлеміне саяхат» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу.Жылжымалы қадаммен алға қарай жүгіру. Алға жылжи отырып секіру . Биіктігі 15 см текшеден аттап өту кедергілерге өтуге көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Торғай ағаш қорғайды» Мақсаты: Балаларға өлең жолдарын оқи отырып, балаларға ағаштарды аялай білуге тәрбиелеу, коммуникативтік дағдыларын жетілдіру; Шыр – шыр еткен торғайды, Қорғамасң болмайды. Кіп – кішкентай торғайлар Ағаштардан қорғайды.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Ағаштарға қамқорлық» Мақсаты: Балаларға ағаштар туралы түсінік бере отырып, шөптерден айырмашылығын ажырату, ағаштардың негізгі белгілері: діңі, бұтағы, жапырағы туралы білімдерін жетілдіру, әсемдікті сезініп, табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Шырша» Мақсаты: Бірнеше бөліктен тұратын бірдей көлемдегі қағаздарды ретімен орналастыру (жоғарыдан төменге), табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Бүршік жарған ағаштар» Мақсаты: Берілген ағаш суретіне саусақпен бүршіктерді дұрыс орналастырып салуға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>1.Музыка Тақырыбы: «Бакшаға келемін» Ө.Байділдаев Мақсаты: Әуен ырғағын тыңдап, еркін қимылдауын қадағалау. Ән мәтініне сәйкес қимылдау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Серуендейміз, қимылдаймыз»</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Бакшаға келемін» Ө.Байділдаев Мақсаты: Балаларға әндерді қайталату, көңілді ойын ойнату. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Серуендейміз, қимылдаймыз»</p>
---------------------------	----------------	---	---	--	---

<p style="text-align: center;">III апта, 11-15 сәуір</p>	<p style="text-align: center;">Су әлемі. Аквариум</p>	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Шортан мен балықтар» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүгіруге қалыптастыру.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Су асты әлеміне саяхат» Мақсаты: Шеңбер бойымен жүгіру. 30 секунд бойы тоқтамай жүгіру. Қос аяқтап секіру Дене сапасын дамыту (күш, шыдамдылық, жылдамдық).</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кішкене өзен арқылы» Мақсаты: Массажды жол бойымен жүргізуге (Көпірден өтеміз) , допты алысқа лақтыруға үйрету.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Су асты тіршілік иелері» Мақсаты: Балалардың қоршаған орта туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, табиғатта тіршілік ететін балықтардың түрлерін, дене мүшелері, олардың пайдасы туралы білімдерін кеңейту, балықтарды түсіне қарай атап тануға, жем шашуға үйрету, сөздік қорын молайту, қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру, су асты әлеміне қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Аквариумдегі керемет» Мақсаты: Ойындық әрекетті қолдана отырып, балаларды аквариуммен және оның тұрғындары – балықтармен таныстыру, балықтың түрі туралы, «алтын балық» туралы және оның айрықша ерекшеліктері жайлы, тыныс алу, тамақтану тәсілдері туралы біліммен ой - өрісін кеңейту арқылы су асты тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Сенсорика Тақырыбы: «Көңілді балықшылар» Мақсаты: Балаларды әртүрлі тәсілдермен судан затты алу дағдысына жаттықтыру, сумен ойын ойнату арқылы жағымды сезімді жеткізу, балаларды судың қасиетімен таныстыру, сумен ойналатын ойындар үшін керек жабдықтарды даярлауға, оны жинауға балаларды үйрету, табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Балықтар жүзеді» Мақсаты: Езілген бояуды жүргізу арқылы қағаз бетін толық бояуға үйрету. Қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту.</p> <p>Жапсыру Тақырыбы: «Әдемі балықтар» Мақсаты: Балаларға бөлшектерден тұтас зат құрастыруды үйрету. Оны түрлі материалдардың көмегімен безендіруді үйрету арқылы саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру, балықтарға қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Бақа, бақа, бақ-бақ» А.Меңжанова Мақсаты: Өнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға дағдыландыру. Табиғат, су әлемімен таныстыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Көктем» биі</p>
--	---	---	--	---	--

IV апта, 18-22 сәуір	Жәндіктер	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көбелек» Мақсаты: Балаларға жәндіктер әлемімен таныстыра отырып, аттарды айнала отырып жүру .60 м баяу қарқынмен жүгіру. 1 марақашықтыққа сол қолмен себетке бүршікті лақтыру .</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Құрт» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу. Құрт тәрізді ирелендеп еңбектеу. Биіктігі 15 см текшеден аттап өту кедергілерге өтуге көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бүйе» Мақсаты: Заттарды айнала отырып жүру. Бүйе тәрізді еңбектеуге үйрету.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Құмырсқа мен көгершін» (әңгіме) Спандияр Көбеев Мақсаты: Балаларды жәндіктер әлемімен таныстыру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс – тұрыстарын талдауға, құмырсқаның еңбекқорлығын, көгершіннің бейбітшілік құсы екенін айтып түсірдіру, сөздік жұмыстар жүргізу.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Жәндіктер әлемі» Мақсаты: Балалардың табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, жәндіктер түрлерімен және олардың ерекшеліктерімен таныстыру, олардың пайдасы туралы мәлімет беру, тіршілігі, оларды сипаттай білуге үйрету, жәндіктерді қорғап, қамқор болуға тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Көбелек» Мақсаты: Табиғи материалды пайдаланып, көбелекті құрастыра білуге үйрету, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ой – қиялын дамыту, ұқыпты жұмыс жасай юілуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Қанқыз» Мақсаты: Дайын сурет бетіне қанқыздың дақтарын саусақпен салуға үйрету, балалардың қол қимыл әрекеттерін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс жасауға үйрету, жәндіктерге қамқорлық сезімдерін ояту, балаларды ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу.</p> <p>1. Музыка Тақырыбы: «Көбелек» Ж. Смақов Мақсаты: Балаларға жәндіктер туралы түсінік беру. Жаңа әнді ырғақпен үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз»</p> <p>2. Музыка Тақырыбы: «Көбелек» Ж. Смақов Мақсаты: Балаларға әнді қайталату. Ойынды, биді қадағалап, балаларды белсене араластыру Музыкалық – ырғақты қимыл: «Гүлдер» биі</p>

Мамыр айы, 2022 жыл
Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

Мақсаты: Балаларға жаз мезгілі, жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру. Әдемілікті сезіне білуге, көркемдік талғамдарының жетілуіне ықпал ету, туған жерді, қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту;
- достыққа, мейірімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;
- өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас»-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5
-------------	----------------	--	---	---	--

<p>I апта, 25 сәуір - 29 сәуір</p>	<p>Аялайық гүлдерді. Гүлдер, шөптер.</p>	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлді баққа серуен» Мақсаты: Гүлдер ,ағаштар,өсімдіктер мен таныстыра отырып, Қол ұстасып жұппен жүру. Қол тиер тиместей еңкейіп «Гүлдерді теру». Түрегеп тұрып секіру , «Ағаштан ағашқа секіру» үйрету.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Берілген бағыт бойынша тәрбиешінің соңынан « Шағын топпен » жүру «Гүлдерге су құйуға барамыз».Түрлі бағытта жүгіру «Жанбыр жауып тұр ». Түзу қойылған жіптің бойымен жүру,бірлесіп ойнаудың қарапайым дағдыларына тәрбиелеу.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Гүлге су құю» Мақсаты: Тірі табиғат туралы түсініктерін қалыптастыра отырып. Бөлме өсімдіктеріне су құю қимылдарын жасау.Ім арақашықтыққа сол қолмен себетке допты лақтыру .</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Сүйкімді өсімдіктер» Мақсаты: Балаларды фикус гүлімен таныстыру, белсенді сөздік қорды байытуды жалғастыру, бөлме өсімдіктеріне қамқор болуға тәрбиелеу. Балаларды табиғат сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Гүлдер» (Қызғалдақ) Мақсаты: Балаларды қызғалдақ гүлімен таныстыру, оның сабағы мен гүлі туралы түсінік беру, қызғалдақтың басқа гүлдерден ерекшелігін ұғындыру. Қоршаған әлемдегі әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p>Сенсорика Тақырыбы: «Гүлдерге қонған көбелектер» Мақсаты: Балалардың заттардың түстері жайлы білімдерін, заттарды түстері бойынша іріктеу ептілігін бекіту, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Фигус» Мақсаты: Балаларды бөлме гүлдерімен таныстыруды жалғастыру, бояудың түстерін анықтау жұмысын жалғастыру, дайын берілген бейнеге алақанды бояуға батыру арқылы толықтыруға үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: «Гүл» Мақсаты: Гүлді алақан арасына домалақтау, сабағын тіке бағытта есу арқылы екі бөлікті біріктіру тәсілдерін меңгерту.</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Бау - бақшам» Ө.Бейсеуов Мақсаты: Дыбыс әуезділігін қалыптастыру, ойын барысын тыңдап, белсене араласу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Достасайық»</p>
---	---	--	--	---	---

Ш апта, 2-6 мамыр	Жыл 12 ай	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз танертен шынығамыз» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Биіктігі 40 см доғаның астынан, еңбектеу.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балалардың сүйікті ойыншықтары» Мақсаты: «Сылдырмақты тап» тәрбиешінің соңынан «шағын топпен» жүру. Алға жылжи отырып секіру. Биіктігі 40 см доғаның астынан еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында жағымды әсерлерін дамытуға мүмкіндік беру.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Балабақша да көңілді бірге жүру» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер бойымен жүру. Отырып допты бір біріне домалату. Еденде жатқан бөренеден асып түсу. Өздігінен кедергілерден өте білуін дамыту.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Таң атып, күн шықты» Сатмухамбетова Қ.С (хрестоматия 2-3 жас) Мақсаты: Балаларға өлең жолдарын мәнерлеп оқу, шығарманың мазмұнын түсіндіру және эмоционалды қабылдау.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдері туралы, маусымға тән өзгерістер мен ерекшеліктер жайлы білімдерін кеңейте отырып, дүниетанымын, ой - өрісін дамыту. Құрастыру. Тақырыбы: «Біздің саяжай» Мақсаты: «Біздің саяжай» сюжеттік тақырыбында үй салуға үйрету, ойыншықтар пішінімен сәйкес құрылыс материалдарын таңдау, сюжеттік композицияларға қызығушылықтарын арттыруға, эмоциялық пікірін оятуға жағдай жасау.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Күн күлімдеп терезеден қарайды» Мақсаты: Балаларға қылқаламның көмегімен күннің бейнесін салуға үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің және қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. Бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.</p> <p>1.Музыка Тақырыбы: «Жыл мезгілдері» Халық әні Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдерімен таныстыру. Қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу»</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Жыл мезгілдері» Халық әні Мақсаты: Өнді қайталау. Ойынды, биді қадағалап, балаларды белсене араластыру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жалаушамен жаттығу»</p>
-------------------	-----------	--	---	---	--

<p>III апта, 9-13 мамыр</p>	<p>Мен жасай аламын</p>	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз таңертен шынығамыз» Мақсаты: Қол ұстасып шеңбер жасап жүру. Түрлі бағытта жүгіру. Биіктігі 40 см доғаның астынан, еңбектеу.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бала, бала, баламыз» Мақсаты: Шеңбер етіп қойылған жіптің бойымен жүру. Қол тиер тимес секіру «масаны ұста ». Сызықтар арасымен жүгіру. « Көпірден жүгіріп өт ».</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Таяқшадан аттап өт» Мақсаты: Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру « таяқшалардан аттап өт». Тапсырма арқылы жүгіру «торғайлар мен автомобильдер».</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мен досыма көмектесемін» Мақсаты: Балалардың өздерінің достары туралы әңгімелеуге шақыру, сөздік қорын дамыту, 3-5 сөзден тұратын тіркестермен, сөйлемдермен сөйлеуін дамыту, достық қарым – қатынас орнату, адамгершілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Мен үй жануарларына қамқорлық жасаймын» Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсініктерін бекіту, оларға қалай көмектесе алатындарын еске түсіру, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту, үй жануарларын аялай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Сенсорика Тақырыбы: «Қиылған суреттер» Мақсаты: Балалардың сенсорлық қабілеттерін: бөлшектерден бүтінді шығару дағдысын дамыту, қол қимылының икемділігі мен көз арқылы бейнені жүргізу дағдысын дамыту, суретте бейнеленген затты тануға және оны атауға үйрету, сәйкес суреттерді табу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Шар» Мақсаты: Балаларға бейнеленген шеңбердің ішін түрлі – түсті қарындашты пайдаланып, бояу дағдыларын қалыптастыру, әдемі бояуға үйрету.</p> <p>Жапсыру Тақырыбы: «Бұлттар» Мақсаты: Қағаз бетінің кеңістігін дұрыс бағдарлап, бұлттарды дұрыс орналастыруға дағдыландыру.</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Мен жолға сурет саламын» А.Досмағамбет Мақсаты: Өнді орындауға баулу. Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Ойын барысын тыңдап, белсене араласу. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Ойыншықпен би»</p>
------------------------------------	--------------------------------	--	---	---	---

<p style="text-align: center;">IV апта, 16-20 мамыр</p>	<p style="text-align: center;">Көңілді жаз</p>	<p>1. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Алақай жаз келді» Мақсаты: 25 см көтерілген құрсаудан құрсауға аттап жүру. Жалғамалы қадаммен жұптасып , қолды ұстасып, алға қарай жүру. Баладан 1 м арақашықтықта жатқан құрсауға допты лақтыру.</p> <p>2. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Өзеннен көпірмен өту» Мақсаты: Қол ұстасып жұппен жүру . Көпірден қолдарын екі жаққа созып өту . Гимнастикалық орындықүстімен жүру.</p> <p>3. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Табиғат әлеміне саяхат» Мақсаты: Жүруден жүгіруге алмасу.Жылжымалы қадаммен алға қарай жүгіру. Алға жылжи отырып секіру . Биіктігі 15 см текшеден аттап өту кедергілерге өтуге көрсетуге сәйкес жаттығуларды орындауға үйрету.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жазда» (өлең) Н. Айтөв Мақсаты: Жыл мезгілдері жайлы ойларын кеңейту, жайқалған жаз, жазғы қызықтар туралы түсінік бере отырып, сөздік қорларын байыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Жадыра, жайна, жарқын жаз!» Мақсаты: Табиғатты бақылай отырып, жаз мезгілінің негізгі ерекшеліктерімен таныстыру, жазғы табиғат өзгерістерін бақылап, жаз байлығын, әсемдігін, сұлулығын сезіне білуге үйрету, баланың сөздік қорын молайту, назар аудару, сұраққа жауап беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарау. Табиғатты аялауға, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Құрастыру Тақырыбы: «Шуақты күн» Мақсаты: Балаларға күн туралы түсіндіру, балаларды уағдау әдісін жетілдіру, уағдау арқылы домалақ пішінді келтіруді бекіту, ұқыпты жұмыс жасай білуге үйрету. Табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Жайдарлы жаз!» Мақсаты: Сюжетті жаздың бейнесіне гүлдерді, шөптерді қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету.</p> <p>1.Музыка Тақырыбы: «Күнбағыс» Ж.Мұхамеджанова Мақсаты: Балаларға жаз туралы түсінік беріп, ән тыңдауға баулу. Көңіл күй сезімін ояту. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жұптасып билеу»</p> <p>2.Музыка Тақырыбы: «Күнбағыс» Ж.Мұхамеджанова Мақсаты: Әнді қайталатып, би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Құлыншақ»</p>
---	--	---	--	--	--

